www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№29 /sárscnbi/ 13 şilde

# ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА ЕДІ

Біздің дана халқымыз елін сүйген, ел сыйлаған атпал азаматтардың мәртебесін көтеріп, мерейін өсіру үшін «Жігіт екен!», «Азамат деп осыны айт!», «Нағыз қазақ – осы!», «Елін сүйген ер азамат қой!»-деп көптің ішінен дара танып, оның кісілік келбетін бір-ақ сөзбен айшықтайды: «Тұғыры биік тұлға!»

Иә, атам қазақ елі үшін туған азаматтың бойындағы жарқ еткен асыл қасиеттерді көрген кезде, шын жүректен сезінгенде, риясыз көңілмен ризашылық білдіріп, ықыласқа толы сөздерді жүректен шығарады.

Біз үшін осы киелі ұғымдарды білдіретін дара теңеу Қазақстанның Құрметті құрылысшысы, нағыз қазақ, абыройлы азамат Әбдіғани Ташқараевқа арналып айтылғандай болып тұрады. Өйткені, Әбдіғани Ташқараев өнегелі ісімен өшпес із қалдырған қазақтың ер азаматы, еңбегімен еленген, құрметке бөленген, жақсы қасиеттерімен танылған қоғам қайраткері.

Сынаптай сырғыған уақыт-ай, десеңізші! Әбдіғани ағамыздың өмірден озғанына да бір жылдың жүзі болып қалыпты. Бірақ, өзі бұл фәниден өтсе де, соңында дана сөздері, игілікті істері, үлгі-өнегесі қалды. Сондықтан, қолыма қалам алып, өзім жақсы білетін, аралас-



жазуыма әбден болады.

Әбдіғани ағаның бойында жақсы қасиеттер көп дедік. Оның біріншісі - анаға деген махаббат. Әкесі Ташқара соғысқа аттанғанда Әбдіғани бір жасар



# ҚАЗАҚ
## СПОРТШЫСЫ ТЕННИСТЕН СЕНСАЦИЯ ЖАСАДЫ

Қазақстандық теннисші Елена Рыбакина Ұлыбританияның ашық чемпионаты - Уимблдон турнирінің чемпионы атанды.

Финалда Қазақстанның бірінші ракеткасы Тунис мемлекетінің өкілі Онс Жабермен кездесіп, оны жалпы есеппен үш сетте 3:6, 6:2, 6:2 жеңді.

2021 жылғы Уимблдон турнирінде Рыбакина мансабында алғаш рет негізгі құрамда ойнады. Бұл кезде Елена 18-ші болып, 4-ші раундқа шықты, үш матчта тікелей сеттерде жеңіске жетті. Рыбакина 4-ші раундта екінші орын алған Арина Соболенкодан 3:6, 6:4, 3:6 есебімен жеңіліп қалған болатын.

2021 жылы Токиода өткен Олимпиада ойындарында ол жартылай финалда болашақ Элина Свитолинаға жеңіліп, 4-ші орынға ие болды.

«Уимблдон-2022» турнирінде Рыбакина 17-ші орыннан көрінді. Ол қатарынан 4 кездесуде 2:0 есебімен жеңіске жетіп, мансабында алғаш рет осы «Үлкен дулыға» турнирінің ширек финалында австралиялық Айла Томляновичті 4:6, 6:2, 6:3 есебімен ұтып, мансабында алғаш рет Үлкен дулыға турнирінің жартылай финалына шықты. Жартылай финалда әлемнің бұрынғы бірінші ракеткасы румындық Симона Халепті 6:3, 6:3 есебімен ұтты. Рыбакина финалда әлемнің №2 теннисшісі Унс Жаберді 3:6, 6:2, 6:2 есебімен жеңіп, «Үлкен дулыға» турнирін жеңіп алған қазақстандық тұңғыш теннис-

са жетіп жатыр.

- Не миларыңыз сортқа бөлінеді ме?

- Әрине бөлінеді! Сатушы қыз колбаларға салынып мерзімі жазылған миларды таныстыра бастады.

Бірінші қатардағы алтын түстес колбаларға салынғандары: әкімнің, банкирдің, департамент басшыларының миы. Сапасына қарай бағасы да қымбат.

- Грамын мың «Евро!»

Екінші қатардағы күміс колбаларға салынғандары әр түрлі орынбасарлар мен бизнес өкілдірінің миы. Біз тағатсыздана сұрақ қойдық.

- Бұлар қанша?

- Арзан емес. Бір грамы мың доллар шамасында. Сатушы әрмен қарай түсіндіре бастады.

- Астыңғы сөредегі ақ матамен орап скотчпен желімдеп тастағандары: шоферлер, сантехниктер, қара жұмыс өкілдерінің миы. Міне, осылар арзан болуы керек. Бұлардың грамы қанша?- дедік.

- Грамдап сатпаймыз. Арзан болған соң килолап бере-береміз. Мәселен, жарты кило арба итерушінің миын қырық мың теңгеге алуға болады. Жолдасым Мақсат ексуіміз күбірлесіп кім болатынымызды ойластыра бастадық.

- «Шофер» Құрысын!

- «Аптекерь?» Атама.

«Озат шопан». Өзімен кетсін. -Онда кім болсақ екен? Таптық!

Алпыс жыл шофер болғанша, алты күн әкім болайық деп шештік. Әкім болсақ рахат! Жер де, теңдік те, теңдер де сенікі. Бітті! Әкім боламыз! Қарындас, үш жүз грамм коммерсанттың миын мына жігаи ми кімге керек, кредитке де бере саламыз деген сатушы әрмен қарай түсіндіре жөнелді.

- Қайсыбір күні қоуан сатушы жігіт ақын болып көрейінші деп жарты килосын алып еді қайтып әкеліп тастады.

- Не болды? - деп сұрадым.

- Ақындығы құрысын! «Аштан өліп қала жаздадым! » - деп сатушы қыз күліп тұр. Осы кезде есікті жұлқи ашып екі жігіт кірді де:

- Жол полицайының миы бар ма?-деді. Сатушы да сасқан жоқ. - Қарап көрейін,- деді. Сосын таусылып қалғанын айтып, міндетті түрде полицайдың миы керек пе, тіс дәрігерінің миын алсаңдар да жетіп жатыр. Оларда алтынның грамынан тартқылап жағдайлары жаман емес-деді. Тек «полицай болғымыз келеді» деген жігіттер кейін келетіндіктерін айтып шығып кетті. Дүкен болған соң кімдер келіп-кетпейді дейсіз. Қартаң кісі (зейнеткер болса керек) сатушыға дүрсе қоя берді.

- Қарлығашым-ау!-деді ол. Маған адамның миы деп «горилланың» миын сатқаныңыз қалай? Ағашқа өрмелеп көзіме Индонезияның орман дары елестеп пәле болды ғой! Ал көршімнің арманы «бизнесмен» болу еді, сазгердің миын сатып, оны да алдапсыз. Бейшара, түкке жарамай бақытты балалық шағы туралы ән жазып жүр, деп айқайға басты. Сатушы бейбақ кешірім сұраумен әуре. Осы көріністен кейін дүкенге деген сенімміз жоғалып, не де болса өз мимызбен қалуды жөн көрдік.

**Ералхан**
**ЖЫЛҚЫБАЙДАРҰЛЫ.**

## Решение суда:

Решение Тюлькубасский районный суд Южно-Казахстанской области от 12 августа 2005 года.

Заявление Снеженко Валентины Павловны удовлетворить.

Признать Тростубову Надежду Владимировну, 20 марта 1975 года рождения, уроженку п. Састобе Тюлькубасского района Южно-Казахстанской области, проживавшей в п. Састюбе, улица Победы №7, безвестно отсутствующей с декабря 1994 года.

Решение суда является дакументом,потверждающим факт, а в отнашиении факта, подлежащего регистрации государственными органами, служит основанием для такой регистрации или оформления.

Решение может быт обжаловано или опротестовано в коллегию по гражданским делам Южно-Казахстанского областного суда через Тюлькубасский районный суд в течение 15 дней.



## ТҮРКІСТАНДЫҚ ЕСКЕК ЕСУШІЛЕР РЕКОРД ОРНАТТЫ

Теміртау қаласында академиялық есуден Қазақстанның командалық чемпионаты өтті. Жарысқа еліміздің 5 аймағының ең үздік 146 спортшысы қатысты.

Түркістан облысы құрамасындағы су спорты түрлерінен ОРМБЖСМ спортшылары саранқа салынған 16 алтын медалдің 8-ін жеңіп алды. Сонымен қатар 5 күміс және 5 қола жүлде еншіледі. Атап айтсақ, Яковлев Владислав, Чернухин Иван, Цатышаев Байсангур, Афанасьев Александр, Керімбек Әділет, Бекбембетов Қуаныш

Фаритов Руслан, Галкин Владислав сынды жігіттер түрлі сайыс бойынша чемпион болса, әйелдер арасында Волкодавова Валентина мен Носкова Екатерина топ жарды.

Жалпыкомандалық есепте Түркістан өңірінің өрендері 8 алтын, 5 күміс, 5 қола олжалады.

Жеңімпаздарды білікті бапкерлер — Михаил Ковалев, Руслан Фаритов, Артем Бекмачев және Станислав Дьяченко даярлады.

### Хабарландыру

Шымкент қаласының құрылыс басқармасы ММ "Шымкент қаласы Қазбек би көшесі 109 мекенжайында жекпе-жектен олимпиада резервін дайындайтын №15 мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің құрылысы салу" жұмыс жобасының қоршаған ортаға әсерді бағалау бөлімі (ҚОӘБ) бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетінің хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ 21.07.2022 ж. бастап қол жетімді болады.

Ескертулер және ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданатын болады

### Объявление

ГУ Управление строительства города Шымкент сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по разделу охраны окружающей среды (РООС) на РП «Строительство специализированной детской-юношеской спортивной школы №15 для подготовки олимпийского резерва по единоборствам по улице Казбек би 109 города Шымкент».

Проектная документация будет доступна на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz/ с 21.07.2022 г.

Замечание и предложения принимаются в течении 5 рабочих дней.